



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

19 қараша 2018 жыл

KASE 25-жылдық мерейтойына орай Қазақстандық биржалық форум өткізді

2008 жылдың 16 қарашасында "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа немесе KASE), ҚР Ұлттық Банкі, "Қазақстан қаржыгерлерінің ассоциациясы" ЗТБ (ҚҚА) және KASE бірлесіп ұйымдастырған, VIII Қаржыгерлер конгресі шегінде "Қор биржаларының экономиканың тұрақты дамуында атқаратын рөлі" тақырыбына Қазақстандық биржалық форум өткізді.

KASE 25-жылдығына орай өткізілген Қазақстандық биржалық форум Қазақстанның мен таяу және алыс шет елдерінің қор нарықтарының сарапшылары үшін пікірталас алаңына айналды, қор нарығының құралдары арқылы экономиканы қаржыландыру, биржалық инфрақұрылымды дамыту және биржалық өнімдерді жылжыту сұрақтары талқыланды.

Іс-шараның бағдарламасына пленарлық отырыс пен төрт сессия кірді, мұнда 30-дан астам танымал спикерлер қаржы нарықтарындағы, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) шегінде, интеграциялық үрдістерімен, нарық ландшафтының өзгеруімен және цифралық технологияларды енгізу жағдайында қаржылық қызметтердің өзгеруімен байланысты сұрақтар бойынша сараптық пікірлерімен алмасты. Форумға қатысушылар қор нарығы арқылы экономиканы қаржыландыру, биржалық инфрақұрылымды дамыту және биржалық құралдарды жылжыту тақырыптарын талқылады.

Іс-шараға қазақстандық қаржы ұйымдарының, шетелдік қор биржаларының, инвестициялық банктердің, мемлекеттік органдардың, қазақстандық ұлттық және жеке компаниялардың, кәсіби қаржылық ұйымдардың басшылары мен өкілдері, сондай-ақ халықаралық сарапшылар қатысты.

Пленарлық отырыс

Форумның жұмысын ашқан, "Қазақстанның қор нарығы: трендтер мен перспективалар" тақырыбындағы пленарлық отырыста қатысқандар: Алина Алдамберген – "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының Төрайымы, Тимур Сүлейменов – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі (ҚР ҰЭМ), Жанат Құрманов – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орындасары, Болат Жәмішев – Қазақстанның даму банкі Басқармасының Төрағасы, Елена Бахмутова – "Қазақстан қаржыгерлерінің ассоциациясы" кеңесінің төрайымы, Мұрат Көшенов – "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ (HSBK) Басқарма Төрағасының орынбасары.

"25 жылда Қазақстан қор биржасы дамудың үлкен әрі қиын жолын еңсеріп өтті, ол еліміздің қаржы нарығы мен экономикасына өзінің елеулі үлесін қосты. Биржаның табыстарын біз мақтан тұтамыз. 2017 жылдың қорытындысы бойынша KASE капитализациясы 26 трлн теңгені құрады. Бұл – ІЖӨ 51,2 %. KASE Индексі дүниежүзі қор нарықтарының ең жылдам өсіп келе жатқан индекстерінің үштігіне кірді.

Дүниежүзі банкінің қазан айындағы Doing Business ретингінің нәтижелері бойынша, Қазақстан 190 мемлекеттердің арасында 28-ші орынға иеленіп, өз рейтингін соңғы 11 жылда 36 нүктеге жақсартты. Республика Doing Business негізгі 10 бағыттарының 6-сы бойынша жоғары көтеріліп, екінші жыл қатарынан "Миноритарлық инвесторларды қорғау" индикаторы бойынша бірінші орында. Мұнда биржаның – экономиканың нарықтық моделінің өзекті құрылымы ретінде елеулі өор еңбегі бар.

Алайда алдымызда жаңа мақсаттар мен талаптар күтіп тұр. Бүгінгі таңда биржалар мен капитал нарықтарының әрі қарай дамуы бойынша идеялар мен жоспарларды талқылағымыз келеді. Бұл біздің компанияларымызды күшейтіп, еліміздің дәулеттілігін арта түсуіне себептесуі тиіс!", - деді өз сөзінде Алина Алдамберген, KASE Басқармасының Төрайымы.

Тимур Сүлейменов, ҚР Ұлттық экономика министрі өзінің "Қор нарығы бизнесті қаржыландыру көзі ретінде" баяндамасында қазақстандық қор нарықты реформалау бойынша ұсыныстарын айтты.

"Үкімет өткізетін жекешелендіру тек стратегиялық инвесторларға ғана емес, сонымен қатар, бөлшек инвесторларға да бағытталуы тиіс. Бұл 2012-2014 жылдардағы түсінігіндегі халықтық IPO болмауы тиіс, дегенімен стратегиялық акциялар пакетінің қандай да бір көлемі ішкі қазақстандық нарықта бөлшек инвесторға да ұсынылуы тиіс. Осыны дұрыс жүзеге асырсақ, қазіргі бар 100 мың бөлшек инвесторларға, кемінде тағы сондай сандағысы қосылады.

Қаржылық сауаттылықты көтеру қажет. Ал біз болсақ қаржылық және коммерциялық тартымдылықты көрсете білуіміз керек. Тәуекелге бағытталған қадағалаудың дұрыс-дұрыс еместігі туралы, Basel 3 қарай қозғалыстың дұрыс әлде бұрыс болуы көп айта беруге болады. Бірақ, бұл факт – реттеуші осыны ұстанады, бұл оның құқығы, ол тәуелсіз. Реттеу тек күшейе береді, бұл жалпы алғанда несиенің құны өседі дегенді білдіреді. Сондықтан, IPO, кепілі жоқ облигациялар шығару сияқты альтернативалық механизмдер коммерциялық көз қарастан әбден іске асырылымды әрі қолайлы болып табылады.

АҚ қойылатын талаптарды біз көтеруге тиіспіз. Корпоративтік басқару АҚ корпорация болуына және акциялардың тек өзінің толық иелігінде болуын ғана емес олармен сауда жүргізуі бойынша талап қойылады. Осы бағытта жұмысты әрі қарай жалғастыру керек.

Жеке компаниялардың БЖЗҚ активтерін басқаруға рұқсаттама беру. Банктерден басқа, бірнеше стратегиялық ұзақ мерзімді инвесторлардың пайда болуы, менің ойымша, нарықтық жұмыс жасау бастауына құрал бола алады.

Біздің KASE және АХҚО реттелуі қажет. Өте күрделі сұраққа жауап беруіміз керек: екі биржа бір-бірімен қалай өмір сүреді, қалай бәсекеге түседі, мүмкін нақытарымызды бөледі ме. Бұл сұрақты жүйелі түрде шешпей, әрине Қазақстанда күрделі бағалы қағаздар нарығын жалпы дамыту қиынға түседі, және ұлттық экономика үшін практикалық кірісті пайдасын күту де қиын болады", – деді министр.

ҚР ҰЭМ мәліметтері бойынша Қазақстанда қор биржасына 118 мың адам немесе тұрғындардың 0,6 пайызы тартылған. Ал дамыған елдерде тұрғындардың 40 пайызына дейін жұмыс істейді екен. Индияда бұл көрсеткіш 1,5 пайызды құрайды, ҚХР – 10 пайыз, ал Ресейде Ресей – 10 пайыз.

Жанат Құрманов – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары "Қазақстанның қор нарығының даму тенденциялары және қаржы секторын қайта жүктеу жағдайындағы реттеуді атқаратын рөлі" баяндамасында "2017 жылдың желтоқсан айында үкіметтің жалпы биржалық кеңістіктің жорбаларын бірлесіп іске асыру туралы қаулысы" шыққаны туралы айта кетті.

Елена Бахмутова, ҚҚА ЗТБ төрайымы "Қор нарығының құралдары мен инвестициялық капитал арқылы экономиканы қаржыландыру" баяндамасымен сөз алды.

"Инфрақұрылым мен нақты экономика әрқайсысы өз параллелінде өмір сүріп жатқанының себептерін түсіну маңызды. Брокерлерге банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыру және биржалық валюталық нарыққа рұқсаттама алу мүмкіндігі берілген. Ресми түрде норма орындалды, алайды бүгінгі таңда жеке банктік операцияларға бірде-бір лицензия берілген жоқ. Тағы бір жетілдіруді талап ететін процедура ҚР Ұлттық Банкінің брокерлік ұйымдардың тәуекелге бағытталған қадағалауы болып табылады.

Бірінші кезекте нарыққа адал қатысушыларға қатысты қолданылатын реттеушілік ашараларды оңтайландыру қажет. Адал қатысушыларға қадағалаудың жеңілдеуі, ал адал еместерге қатысты – күшейген қадағалау болуын түсінуіміз керек", – деді ол.

Болат Жәмішев, Қазақстанның даму банкінің төрағасы, өзінің "Биржалық құралдарды жылжытуда даму институттарының атқаратын рөлі" баяндамасында ішкі және сыртқы капитал нарықтарында даму институттарын тарту тақырыбын қозғады.

"Даму институттарының ішкі және сыртқы капитал нарықтарында қорға айналдырудыды тартуы еліміздің экономикасына елеулі үлесін қосады. Еліміздің экономиканың нақты секторының түрлі салалары үшін маңызды стратегиялық жобаларды дамыту даму институттарына экономиканың капиталды көп талап ететін салалары және инфрақұрылымдық жобаларына инвестициялардың ағымын және осы жобалардың уақытылы іске асырылуын қамтамасыз ететін делдал рөлін атқаруға қолжеткізеді.

Қазақстанның даму банкі ұлттық даму институты бола тұрып, жалғыз акционері – "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ арқылы 100 % мемлекетке тиісілі және мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруда және еліміздің стратегиялық маңызды жобаларды несиелендіруде маңызды стратегиялық рөл атқарады. Капитализацияның жоғарғы көрсеткіштері, акционер тарапынан расталған қолдау тарихы, өтімділіктің күшті жайғасымы инвестициялық портфельді басқарудың консервативтік стратегиясымен қоса, жоғарғы несиелік рейтингтер Банктің мықты несиелік сипаттамаларына жатады. Банк үшін, металлургия, химиялық және мұнайхимиялық өндіріс, энергетикалық сектор, өңдеу өндірісі сияқты инфрақұлымды дамыту аясындағы жобалар приоритеттік инвестициялар болып табылмай", – деді ол форумның трибунасынан сөз ала отырып.

Мұрат Көшенов, "Қазақстан халық жинақ банкі" АҚ басқарма төрайымының орынбасары:

"Соңғы бес жылда биржада институтционалдық инвесторлардың саны азайды. Зейнетақылық қорлардың активтерін басқарушылар нарықтан кетіп қалды, тек БЖЗҚ ғана қалды. Инвестициялық портфельді басқаратын, брокерлік компаниялардың саны да күрт азайды. Акциялар нарығында – акциялар шығарылымы мен эмитенттердің саны өсіп келе жатыр. Облигациялар нарығында шығарылымдардың айтар-айтпас өсімі тұсында эмитенттердің саны да азайған. Банктік депозиттердің мөлшерлемелерінің төмендеуі – жеке тұлғалардың активтерін (ҮІҚ, брокерлік шоттар) БҚН тартуға мүмкіндік. Тезірек зейнетақылық активтердің бір бөлігін басқаруға жеке компанияларды тартып, БЖЗҚ "монополиясынан" тезірек арылу қажет. Биржада саудаланатын қаржы құралдарының өтімділігін, соның ішінде Ұлттық компаниялардың IPO аясында акцияларын белсендірек орналастыру арқылы, арттыру қажет.

"Қаржы нарықтарының дамуындағы әлемдік тенденциялар" сессиясы

Осы сессияда мынадай сұрақтар талқыланды:

- Капиталдың халықаралық нарықтары: инвестициялық капиталға бәсекелес
- Биржалық нарықтардың замани инфрақұрылымы: ағымдағы трендтер және жаңа технологиялар
- Инвесторлардың ұлттық қор нарықтарына рұқсаттамасына MiFID реттеуінің ықпалы
- Блокчейн технологиясы негізінде жаңа қаржы құралдарының даму перспективасы
- ESG стандарттары тұрақты даму және инвестициялық капиталды тарту факторы ретінде

Сессияның модераторы Константин Сароян болды – Еуро-азиялық қор биржалары (FEAS) федерациясының Бас Хатшысы, сессияға қатысты Александр Афанасьев – "Московская Биржа" КАҚ басқармасының төрағасы, Нандини Сукумар – Дүниежүзі биржалары федерациясының (WFE) президенті, Андре Куусвек – LC2 Markets директоры, European Bank for Reconstruction and Development (EBRD), Ян Виллемс – Clearstream вице-президенті, Виктор Коваленко – "Ernst & Young" (EY) Орталық Азиядағы, Кавказдағы, Украинадағы және Белоруссиядағы аймақтық директоры, Андрей Курилин – "Ситибанк Казахстан" АҚ Басқарма төрағасы.

Нандини Сукумар, Дүниежүзілік биржалар федерациясының президенті (WFE): "Біздің мандатымыз – федерацияға кіретін, ұлттық заңнамалар заңдарының өзекті сұрақтарын нақты түсіне отырып, инвестициялардың еркін ағымына себептесу болып табылады".

Андре Куусвек, LS2 Markets директоры, (EBRD): "2017 жылдағы зерттеулерге сәйкес Еуропадан Орталық Азия елдеріне инвестициялардың ағымы 40 % төмендеген. Барлық инвестициялардың жалпы көлеміндегі 60 % азиялық, соның ішінде қытайлық, инвесторлардың үлесінде".

Александр Афанасьев, "Московская биржа" КАҚ басқарма төрағасы: "Дивидендтердің 6,2 % өсуіне байланысты, ресейлік бағалы қағаздарды сатып алулар АҚШ-та көбейді".

Виктор Коваленко, ЕҮ Орталық Азиядағы, Кавказдағы, Украинадағы және Белоруссиядағы аймақтық директоры: "Компания болашақта: қаржылық, экологиялық және әлеуметтік тұрақтылық, жауапты корпоративтік азамат, мықты бренд және жақсы бедел".

"ЕАО және ТМД елдері арасындағы интеграциялық үдерістер" сессиясы

Во второй сессии форума обсуждались темы:

- Интеграциялық үдерістерді реттеу: заңнамалардың гармонизациясына не кедергі болады
- Интеграциялық үдерістердің ұлттық қор нарықтарына ықпалы
- Ортақ қор нарығын қалыптастыру: айқындық пен протекционизмнің балансы
- Ұлттық биржалық нарықтардың дамуы және қатысушылардың өзара рұқсаттамасының мүмкіндіктері

Сессияның модераторы Арман Хачатрян болды – ЕЭО Еуразиялық экономикалық комиссиясының (ЕЭК) Қаржы саясаты департаментінің директоры. Қатысқандар: Игорь Марич – Ақша және мерзімдік нарықтар бойынша басқарушы директор, Басқарма мүшесі, "Московская Биржа" КАҚ, ТМД елдері биржаларының халықаралық ассоциациясы (ТМД ХБА), Асқар Кішкембаев – Еуразиялық экономикалық комиссияның (ЕЭК) экономика және қаржылық саясат жөніндегі Коллегия Мүшесі (Министр) секретариатының жетекшісі, Бекзод Усмонов – "Тошкент" Республикалық қор биржасының басқарма төрағасы, Борис Фридман – Белоруссиялық Валюта-қор биржасының басқарма төрағасы, Айк Еганян – "NASDAQ OMX Armenia" АҚ басқармасының төрағасы, Наталья Хорошевская, KASE басқарма төрағасының орынбасары.

"Қор нарығы бизнес үшін" сессиясы

Үшінші сессияда талқыланған сұрақтар:

- Бизнес үшін биржалық өнімдер. Қазақстанда ICO даму перспективалары;
- Эмитенттер мен инвесторларды қор нарығында жұмыс істеуін қалау ынталандыруға болады;
- Қор нарығы: оны бизнес үшін қалай қолжетімді және түсінікті етуге болады;
- Инвесторлардың құқығын қорғау және бизнес үшін қор нарығының тартымдылығының балансы;
- Инвесторлардың құқығын қорғау жүйесін құруда талдамашылық институттардың және рейтингілік агенттіктердің рөлі.

Сессияның модераторы Мирлан Ташметов болды – "қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры. Қатысқандар: Ахмед Бин Салех Аль Мархун – Muscat Securities Markets, Гиоргий Паресишвили – Грузия қор биржасының президенті, Махса Таваколи – халықаралық қатынастар департаментінің басшысы, Iran Fara Bourse, Нұрлан Рахметов – басқарушы директор, "Самұрық-Қазына" ҰАҚ, Шолпан Айнабаева - "SkyBridge Invest" АҚ басқарма төрайымы, Бақытжан Қажиев – "KEGOC" АҚ басқарма төрағасы, Елена Елисеенко – Ресей, ТМД филиалының жетекшісі, Standard & Poor's Global Ratings (S&P), Елдар Абдіразақов – "Сентрас Секьюритиз" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

"Қор нарығы және FinTech 2.0: қаржылық инфрақұрылымның трансформациясы" сессиясы

Соңғы сессияда талқыланған сұрақтар:

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру Қазақстандағы қаржы-технологиялық индустрияға қалай ықпал етеді.

- Дәстүрлі қор биржалар және жаңа технологиялар: қор нарығы қалай өзгереді;
- Тәуекелдер мен қауіптер: сауда-саттық алаңдар, крипто-биржалар, инвесторларға тікелей рұқсаттама – шындық па?;
- Кибер-қауіпсіздік: өз бизнесті қалай қорғауға болады.

Сессияның модераторы Санжар Кеттебеков – Almaty Tech Garden бас директоры. Принимали участие: Владимир Крейнфельд, FinEx атқарушы директоры, Тимур Тұрлов – "Фридом Финанс"

ИК ААҚ бас директоры, Денис Кудряшов – Decrypto жетекшісі, KYC Center, Павел Коктышев – "Зерде" Ұлттық инфокоммуникациялық холдингі" АҚ басқарма төрағасының орынбасары, Айнұр Мадиярова – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері департаментінің директорының орынбасары, Шоқан Дүйсепов – "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ бөлім бастығы.

"Қазақстан қор биржасы" және "Баку қор биржасы" ЖАҚ арасында ынтымақтастық туралы меморандум

Қазақстандық биржалық форум шегінде "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) және "Баку қор биржасы" ЖАҚ (БҚБ) арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Осы Меморандумға сәйкес БҚБ және KASE жұмыстың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында ынтымақтастығын арттыруға ниеттенеді.

Меморандумның мақсаттары, тәжірибемен және еркін қолжетімдіктегі биржалық сауда-саттықтары туралы ақпараттармен алмасу мүмкіндіктерін дамыту, IT дамыту саласында ынтымақтастық – инфрақұрылымды және биржалық сауда-саттықтың ең үздік әлемдік практикаларын енгізу, биржалық ақпаратты сатудағы тәжірибемен алмасу, индикаторларды есептеу және компанияның рейтингтерін анықтау бойынша тәжірибемен алмасу, ақша нарығының қаржы құралдарымен, соның ішінде мемлекеттік бағалы қағаздар мен репо мәмілелері бойынша сауда-саттықтар өткізу бойынша тәжірибемен алмасу; туынды қаржы құралдарының сауда-саттықтарын өткізу бойынша білімдермен және тәжірибемен алмау.

Қол қоя рәсіміне Қазақстан қор биржасының Басқарма Төрайымы Алина Алдамберген және Баку қор биржасының Басқарма Төрағасы Вугар Намазов қатысты.

Марапаттау рәсімі

Биржалық форумның жұмысы қазақстандық қор нарығының ең үздік өкілдерін, листинглік компанияларын, жетекші қаржыгерлерін, БАҚ өкілдерін және KASE серіктестерін марапаттаумен аяқталды.

Марапаттау рәсіміне KASE Басқармасы Төрағасының орынбасары Наталья Хорошевская және Басқарма мүшесі Биржаның бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директоры Қайрат Тұрмагамбетов қатысты.

Наградалар бірнеше номинациялар бойынша ұсынылды.

"Ақша және валюта нарықтарын дамытуға қосқан үлесі үшін" номинациясында наградаларға ие болды: "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ және "Ситибанк Казахстан" АҚ. Биржаның пікірі бойынша осы банктер 25 жылда ақша және валюта нарығына ең үлкен үлестерін қосып, оның қалыптасуына елеулі ықпалын тигізді.

"Қор нарығының дамуына қосқан үлесі үшін" номинациясында Биржа мүшелері ретінде марапатталды: "BCC Invest" АҚ ("Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы), "Қазақстан Халық банкі" АҚ еншілес ұйымы "Halyk Finance" АҚ, "Казкоммерц Секьюритиз" АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ еншілес ұйымы), "SkyBridge Invest" АҚ, "Сентрас Секьюритиз" АҚ, "Фридом Финанс" АҚ. Биржа мүшелері қор нарығының дамуына қосқан елеулі үлестері үшін марапатталды (эмитенттерді тарту, түрлі қаржы құралдарын шығару және саудалау, қор нарығын танымалдылығын арттыру).

"Қор нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін" номинациясында листинглік компания ретінде марапатталды: "Қазақтелеком" АҚ, "ҚазТрансОйл" АҚ, "KEGOC" АҚ, "Кселл" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ және "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ. Осы номинацияда өсіп-өніп, қаржылық тұрақтылыққа, соның ішінде қор нарығы арқылы, қаржыландырудың түрлі құралдарын қолдану арқасында қолжеткізген, сондай-ақ өзінің айқындығын арттырған, инвесторлар санын көбейткен және қор нарығында транспаренттіктің үлгілері болған, листинглік компаниялар марапатталды.

"сауда-саттық көлемі бойынша көшбасшысы" номинациясында **"мемлекеттік бағалы қағаздар"** нарығы бойынша наградаға иеленді: "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, **"беймемлекеттік бағалы қағаздар"** нарығы бойынша – "BCC Invest" АҚ ("Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы), **шетел валютасы нарығында** – "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ.

Акциялар мен облигациялар нарығында **"Нарықтағы андеррайтингтің көшбасшысы"** номинациясында "Казкоммерц Секьюритиз" АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ еншілес ұйымы)

марапатталды, ол соңғы 25 жылда акциялар мен облигацияларды орналастырудың ең үлкен көлеміне (андеррайтер ретінде) қолжеткізді.

"Биржалық нарықта IT-технологияларын әзірлеу, енгізу және қолдану" номинациясында "Фридом Финанс" АҚ дипломға иеленді. Осы номинацияда, бөлшек сауда-саттыққа арналған замани мобильді сауда-саттық алаңы (қосымшасы) бар, Биржаның тек қазіргі кездегі мүшелері ғана қарастырылды.

Ұзақ мерзімді ынтымақтастық үшін марапатталды: "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ, Вена қор биржасы (Vienna Stock Exchange, WBAG), "Московская Биржа ММВБ-РТС" КАҚ (MOEX), ТМД елдері биржаларының халықаралық ассоциациясы (ТМБ БХА), Еуро-азиялық қор биржаларының федерациясы (Federation of European and Asian Stock Exchanges, FEAS), Еуропалық қайта құру және даму банкі (European Bank for Reconstruction and Development), Refinitiv (Thomson Reuters), Халықаралық Қаржылық Корпорация (International Finance Corporation, IFC) және Cbonds. Осы номинацияда көп жылдар бойы қазақстандық биржалық нарықты жетілдіруге, дамытуға және танымал етуге бағытталған ынтымақтастықта болған компаниялар марапатталды.

Табысты ынтымақтастық үшін корреспондент-банктер марапатталды: The Bank of New York Mellon, Citibank N.A., JPMorgan Chase Bank, (New York), "Қытайдың Алматы қаласындағы сауда-өндірістік банкі" АҚ, "Қытайдық Қазақстандағы Банкі" АҚ Еншілес банкі.

Биржалық нарықтың дамуына жеке үлесін қосқаны үшін еліміздің танымал қаржыгерлері марапатталды: Сембаев Дәулет Хамитович, Марченко Григорий Александрович, Дамитов Қадыржан Қабдешевич, Аханов Серік Ахметжанович, Сайденов Анвар Галимуллаевич, Жәмішев Болат Бидахметович, Ақышев Данияр Талғатович, Дунаев Арман Галиаскарович, Бахмутова Елена Леонидовна, Құрманов Жанат Бостанович, Нүкішев Азат Галимович, Жолдасбеков Азамат Мырзаданович, Якупбаева Юлия Константиновна, Хаджиева Мария Жамаловна, Қарасаев Дамир Булатович, Қапышев Бақытжан Қабдешевич, Абдіразақов Елдар Советович, Айнабаева Шолпан Рахманқұловна, Қышпанакөв Виктор Алексеевич, Ташметов Мирлан Жапарбекович, Мамештегі Садуақас Халықсоветулы, Қамаров Талғат Қайырбекович, Бәбенев Болат Базартаевич, Студенина Елена Викторовна, Ботабеков Айбек Төлеубекөвич, Масалин Алмаз Маратович. Осы номинацияда өзінің кәсіби қызметімен қор нарығын жылжытуға және дамытуға үлес қосқан тұлғалар марапатталды.

Биржалық және сауда-саттық операцияларын дамытуға қосқан үлесі үшін: Әлиев Әділет Шамильевич, Аюпов Талғат Жолдасбекович, Башикова Виктория Владимировна, Габасов Тимур Рауфович, Дәуітбаев Асыл Бақытович, Дәулетов Қалмас Дәулетович, Жиркова Айталиа Васильевна, Игнатовский Роман Вадимович, Ким Вадим Васильевич, Попов Евгений Владимирович, Салимов Ертай Исмаилович, Өсеров Дәулет Ералыевич, Чудина Виктория Евгеньевна. Осы номинацияда, өзін кәсіпқойлық тұрғысынан көрсете білген, сапалы тейдинг жасаған және биржалық нарықты дамыту бойынша ұсыныстар жасап, сондай-ақ мәмілелерді белсенді жасасқан, қазынашылар мен трейдерлер марапатталды.

Қор нарығын танымал етудегі жеке үлесі үшін: Батищева Татьяна Витальевна, Бовкис Владимир Владимирович, Владимирская Валентина Викторовна, Донских Алевтина Александровна, Дрозд Николай Витальевич, Зелепухин Сергей Вадимович, Караулова Асель Адильевна, Каргалинова Айнур Сисенгалиевна, Ледовских Ирина Александровна, Хе Олег, Шумаева Динара Серикпековна. Осы номинацияда кәсіпқой журналысттер, қаржы және қор нарығын үздіксіз дәріптеген (10 және одан аса жылдар бойы) марапатталды. Марапаттау дипломы "Atameken Business Channel" редакциясына табыс етілді.

KASE Форумның серіктес-компанияларына: "SkyBridge Invest" АҚ, "Қазақстан халық жинақ банкі" АҚ, Қазақстандық пресс-клубына, "Курсив" газетіне, "informБЮРО" ақпараттық-талдамашылық порталына, "LS TV" продюсерлік орталығына, "Exclusive" талдамашылық-шолу журналына Форумды өткізудегі көмегі мен ақпараттық қолдауы үшін алғысын білдірді.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы және қаржы нарығында жұмыс істейтін Қазақстандағы жалғыз қор биржа болып табылады. Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы

қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. 2015 жылы биржа БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМДң қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz